Салқындаған көгалшапқышты құрғақ, желдетілетін, жабық, балалар жетпейтін орында сақтаңыз.

4.6 Ескерту – электр тоғына соғылу қаупі бар



Назар аударыңыз! Ток соғу қаупі бар! Қауіпсіздік үшін аса маңызды болып желілік кабель, қуат сымы,

қосқыш/ажыратқыш, жалғастырушы шоғырсым табылады. Ток соғу қаупін төмендету үшін зақымдалған кабельдерді, муфталарды және штекерді немесе ережелерге сай емес жалғастырушы шоғырсымды пайдаланбау керек. Сондықтан

жалғастырушы шоғырсымда зақымдар немесе тозу (сынғыштық) бар-жоғын үнемі тексеріп отыру керек.

Зақымданған ұзартқыш шоғырсымды пайдалануға тыйым салынған. Зақымданған ұзартқыш шоғырсымды жаңасына айырбастау керек, ұзартқыш шоғырсымды жөндеуге тыйым салынған.

Құрылғыны сымдары зақымданған немесе тозған болса пайдалануға болмайды.

Ток соғу қаупі бар!

Зақымданған сымды қуат көзіне қосуға тыйым салынады, оны тек электр желісінен ажыратылғаннан кейін ғана ұстауға болады.

Ток соғу қаупі бар!

Зақым келген кабельдерді, ағытпалар мен штекерлерді, сонымен қатар стандартты емес қосатын кабельдерді пайдалануға тыйым салынады.

Шапқан кезде кабельді пышақтан неғұрлым алыс ұстаңыз.

Ашық аспан астында жұмыс істеген кезде тек құрылғыға келетін су өткізбейтін ұзартқыш шоғырсымды қолданыңыз (⇒ 11.1).



Жетек қозғалтқыш шашырандыдан қорғалғанына қарамастан көгалшапқышты жаңбырда және ылғалды ортада пайдалануға болмайды.

Құрылғыны жаңбырда қорғалмаған түрде қалдырмаңыз.

Жалғастырушы шоғырсымды ажыратыңыз, ашаны розеткадан суырыңыз және жалғастырушы шоғырсымдарды тартпаңыз.

Құрылғыны максималды ажырату тогы 30 мА балқымалы сақтандырғышпен қорғалған электр қуатының көзіне жалғап қосуға болады. Қосымша ақпарат алу үшін электрикке хабарласыңыз.

Егер құрылғы ток генераторына қосылса, токтың ауытқуына орай көгалшапқыштың зақымданбауын қарап отырыңыз.

Электр желісі сәйкес сақтандырғыштармен қорғалуын үнемі қадағалап отырыңыз.

Электр қауіпсіздігін сақтау үшін электр кабелі үнемі бас тұтқаға дұрыс орнатылуы тиіс (⇒ 7.2).

4.7 Көдеге жарату

Ауыстырылған құрылғы нұсқаулыққа сәйкес көдеге жаратылатынына көз жеткізіңіз. Көдеге жарату алдында, құрылғыны қолданысқа жарамсыз етіңіз. Сонымен қатар, жазатайым жағдайлардан сақтану үшін желілік кабелін немесе электр кабелін қозғалтқыштан ағыту ұсынылады.

Шапқыш пышағынан жарақат алу қаупі бар!

Қолданыстан шығарылған көгалшапқышты ешқашан қараусыз қалдырмаңыз. Құрылғы мен шапқыш пышағы балалардан алшақ жерде тұрғанына көз жеткізіңіз.

5. Таңбалардың сипаттамасы




Назар аударыңыз!

Қолданар алдында пайдалану жөніндегі нұсқаулықты оқып шығыңыз.




Жарақат алу қаупі бар!

Қауіпті аймақта адамдардың болуына тыйым салынған.




Жарақат алу қаупі бар!

Өткір кесетін пышаққа абай болыңыз. Шабу пышағы, сөнгеннен кейін де бірнеше секунд бойы жұмыс істеп тұрады (қозғалтқыштың/ пышақтың тежегіші). Кескіш құралмен жұмыс жасар алдында, сонымен қатар техникалық қызмет көрсету, жөндеу, қосатын желінің күйіне тексеру жасағанда және құрылғыны назарсыз қалдырар алдында электр қозғалтқышты сөндіріп, желі штекерін ажырату керек.



Электр тогына соғылу қаупі! Қосатын кабель мен кесетін құралдарды бір-бірінен қашықтықта ұстаңыз.



ME 339:
Қозғалтқышты іске қосыңыз.



ME 339 C:
Қозғалтқышты іске қосыңыз.



ME 339 C:
Қозғалтқышты өшіріңіз.

6. Жеткізілім жиынтығы



Поз.	Атауы	Саны
A	Негізгі құрылғы	1
B	Шөп жинағыштың жоғарғы жағы	1
C	Шөп жинағыштың төменгі жағы	1
D	Болт	2
	• Пайдалану жөніндегі нұсқаулық	1
ME 339 C:		
E	Шайба	2
F	Бұранда	1
G	Болт	1

H	Қысқыш	2
I	Тез әрекетті бекіту тетігі	1

ME 339:

J	Дөңгелек жалпақ басы бар бұранда	2
K	Шоғырсымды ұстаушы	1
L	Айналмалы тұтқа	2
M	Кабель қысқышы	1

7. Қолданысқа дайындау

7.1 Жалпы ережелер



Жарақат алу қаупі бар «Сіздің қауіпсіздігіңіз туралы» бөлімдегі қауіпсіздік техникасының нұсқауларын ұстаныңыз. (⇒ 4.)

- Барлық сипатталған жұмыстарды орындаған кезде шапқыш: жатық, тегіс және берік қабатта тұруы керек.

7.2 Бір жақты жүргізу тұтқасын орнату (ME 339 C)



- Бір жақты жүргізу тұтқасын (1) басқару консоліндегі (2) жұмыс позициясына орнатып ұстаңыз.
- Қысқыштарды (H) суретте көрсетілгендей солға және оңға басқару консоліне (2) салыңыз. Шайбаны (E) бұрандаға (F) енгізіп, бұранданы (F) іштен сыртқа қарай қысқыш пен бас тұтқаның төменгі бөлігі арқылы бағыттаңыз.
- Шайбаны (E) енгізіңіз.

- Болттарды (G) тез әрекетті бекіту тетігіне (I) салыңыз және екеуін де бірге бұрандаға (F) бұрап бекітіңіз.
- Тез әрекетті бекіту тетігін (3) жабыңыз.
- Тез әрекетті бекіту тетігі (3) толығымен жабылатындай және бас тұтқа басқару консоліне берік бекітілетіндей қатты кигізілуі керек. Қажет болса, тез әрекетті бекіту тетігін қайта босатыңыз және бұранданы (F) бұрап бекітіңіз не алыңыз.

Электрокабельді орнату:

- Электрокабельді (1) суретте көрсетілгендей басқару консоліндегі кабельдік тізбекке (2) салыңыз. Кабель тізбегіндегі кабель орамының (3) дұрыс орнату позициясын сақтаңыз.
- Электрокабельді (1) суретте көрсетілгендей бас тұтқаның манжетасындағы бекіткішке (4) салыңыз. Электрокабель бас тұтқаның төменгі бөлігінің аймағында бас тұтқа құбырына тығыз бекітілуі керек.

7.3 Екі жақты бас тұтқаны орнату (ME 339)



Бас тұтқаның жоғарғы бөлігін орнату:

- Дөңгелек жалпақ басы бар бұранданы (J) шоғырсымды ұстаушы (K) арқылы енгізіңіз және электрокабельді (1) іліңіз.

- Екі жақты бас тұтқаны (2) екі бас тұтқаның төменгі бөлігіне (3) орнатыңыз. Дөңгелек жалпақ басы бар бұрандаларды (J) – оң жақ шоғырсымды ұстаушымен (K), ал сол жақ шоғырсымды ұстаушысыз – іштен сыртқа қарай тесіктер арқылы енгізіп, айналмалы тұтқалармен (L) бұрап бекітіңіз.

Кабель қысқышын орнату:



Ток соғу қаупі бар!

Бас тұтқаның оқшауланған қабатына нұқсан келмес үшін, кабель қысқышын тек қолмен басу керек және ешқандай құрал-сайман (мысалы, балға, бұрауыш) қолданбау керек.

- Электрокабельді (1) кабель қысқышымен (M) бас тұтқаның жоғарғы бөлігіне бекіту керек. Бас тұтқаның жоғарғы бөлігінде кабель қысқышы мен ажыратқыш арасында 25 - 27 см қашықтық болуын қадағалау керек.

7.4 Шөп жинағышты құрастыру



- Шөп жинағыштың жоғарғы жағын (B) шөп жинағыштың жоғарғы жағына (C) іліңіз. Бағыттауыштардағы (1) дұрыс позицияны қадағалаңыз.
- Болттарды (D) қарастырылған тесіктер арқылы ішінен итеріңіз.
- Шөп жинағыштың жоғарғы жағын (B) сәл басу арқылы шөп жинағыштың төменгі жағына бекітіңіз.
- Шөп жинағышты іліңіз (⇒ 8.3).

8. Басқару элементтері

8.1 Бір жақты жүргізу тұтқасы (ME 339 C)



Көгалшапқыш ME 339 C

реттелетін телескоптық бас тұтқамен жабдықталған.



Ток соғу қаупі бар!

Электрокабель үнемі бас тұтқа манжетасына және басқару консоліне бекітіліп тұруы тиіс. Бас тұтқаның үлкен биіктігі орнатылған кезде, электрокабель телескоптық бас тұтқаның реттеу диапазонында сәл иілуі керек (⇒ 7.2).



Қысылып қалу қаупі бар!

Тез әрекетті бекіту тетігін бұрап босату кезінде бас тұтқа аударылып немесе жылжып кетуі мүмкін. Осыған байланысты тез әрекетті бекіту тетігін бұрап шығарған кезде бас тұтқаны (1) қолмен жоғарғы күйде ұстап тұру керек.

1 Бас тұтқаны артқа жіберу:

Тасымалдау күйі (құрылғыны тазарту, ықшам тасымалдау және тұмшалау үшін):

- Кіші бас тұтқаның биіктігін реттеңіз.
- Бас тұтқаны (1) бір қолыңызбен ұстап, тез әрекетті бекіту тетігін (2) ашыңыз.
- Бас тұтқаны (1) алға қарай лақтырыңыз.

- Қажет болса, тез әрекетті бекіту тетігін (2) жабуға және бас тұтқаны тасымалдау күйіне бекітуге болады.

Жұмыс күйі (құрылғыны жылжыту үшін):

- Бас тұтқаны (1) артқа аударыңыз және бір қолмен ұстап тұрыңыз.
- Тез әрекетті бекіту тетігін (2) жабыңыз.
- Тез әрекетті бекіту тетігі (2) толығымен жабылатындай және бас тұтқа басқару консоліне берік бекітілетіндей қатты кигізілуі керек. Қажет болса, тез әрекетті бекіту тетігін қайта босатыңыз және бұранданы (3) бұрап бекітіңіз не алыңыз.
- Бас тұтқаның биіктігін реттеңіз.

2 Кесу биіктігін реттеу:

Телескоптық бас тұтқаның биіктігін бірқалыпты реттеуге болады:

- Бас тұтқаның жоғарғы бөлігін (4) бір қолыңызбен ұстап, тез әрекетті бекіту тетігін (5) ашыңыз.
- Бас тұтқаның жоғарғы бөлігін (4) бас тұтқаның төменгі бөлігінен тартып алыңыз немесе бас тұтқаның төменгі бөлігіне итеріп кіргізіңіз және қалаулы бас тұтқа биіктігін орнатыңыз.
- Бас тұтқаның жоғарғы бөлігін (4) бір қолыңызбен ұстап, тез әрекетті бекіту тетігін (5) жабыңыз.
- Тез әрекетті бекіту тетігі (5) толығымен жабылатындай және бас тұтқаның жоғарғы бөлігі бас тұтқаның төменгі бөлігіне берік бекітілетіндей қатты кигізілуі керек. Қажет болса, тез әрекетті бекіту тетігін қайта босатыңыз және домалатпасы бар гайканы (6) бұраңыз.

8.2 Екі жақты бас тұтқа (ME 339)



Қысылып қалу қаупі бар!

Айналмалы тұтқаларды бұрап босату кезінде бас тұтқаның жоғарғы бөлігі аударылып кетуі мүмкін. Сондықтан да айналмалы тұтқаларды бұрап босату кезінде бас тұтқаның жоғарғы бөлігін (2) әрқашан ең жоғарғы жерде бір қолмен ұстап тұрыңыз.

Бас тұтқаны жинау:

Тасымалдау күйі (құрылғыны тазарту, ықшам тасымалдау және тұмшалау үшін):

- Айналмалы тұтқаларды (1) алға-артқа еркін жылжығанша бұрап алыңыз және бас тұтқаның жоғарғы бөлігін (2) алға жинаңыз.

Жұмыс күйі (құрылғыны жылжыту үшін):

- Бас тұтқаның жоғарғы бөлігін (2) артқа аударыңыз және бір қолмен ұстап тұрыңыз.
- Айналмалы тұтқаларды (1) толық бұрап бекітіңіз. Шоғырсымды ұстаушының (3) дұрыс позициясын қадағалаңыз.

8.3 Шөп жинағыш



Ілу:

- Лақтырманың қақпағын (1) ашып, ұстап тұрыңыз.
- Шөп жинағышты (2) түйреуішпен (3) құрылғының артқы жағындағы саңылауларға (4) іліңіз.
- Лақтырманың қақпағын (1) жабыңыз.

Алу:

- Лақтырманың қақпағын (1) ашып, ұстап тұрыңыз.
- Шөп жинағышты (2) көтеріп, артқа қарай шығарыңыз.
- Лақтырманың қақпағын (1) жабыңыз.

8.4 Кесу биіктігінің орталықтандырылған реттеуі



Кесік биіктігінің **бес** әртүрлі күйін орнатуға болады, олар **30 мм** мен **70 мм** аралығында болады.

Деңгей 1 = ең төмен кесік биіктігі

Деңгей 5 = ең жоғары кесік биіктігі

Ұлыбританияға арналған көгалшапқыш:

Кесік биіктігінің **алты** әртүрлі күйін орнатуға болады, олар **20 мм** мен **70 мм** аралығында болады.

Деңгей S = ең төмен кесік биіктігі

Деңгей 5 = ең жоғары кесік биіктігі



Зақымдалуға жол бермеу үшін ең төмен кесік биіктігі тек бұдырлары жоқ газондарда пайдаланылуы керек.

Кесік биіктігін реттеу:

- Биіктікті реттеуге арналған тұтқаны (1) көгалшапқыштан сәл ары итеріңіз де, шығыңқы жерлер (2) тұтқаны босатуы керек.

- **Жоғары кесік биіктігі:**
Көгалшапқышты биіктікті реттеуге арналған тұтқамен (1) көтеріңіз (тұтқа алға қарай жылжытылады).
Төмен кесік биіктігі:
Көгалшапқышты биіктікті реттеуге арналған тұтқамен (1) төмен басыңыз (тұтқа артқа қарай жылжытылады).

- Биіктікті реттеуге арналған тұтқаны (1) көгалшапқышқа қарай басыңыз да, шығыңқы жерлер (2) тұтқаға бекітілуі керек. Таңдалған кесік биіктігін алдыңғы шығыңқы жерде (3) оқылуы мүмкін.

9. Жұмыс нұсқаулары

9.1 Жалпы ережелер



Жарақат алу қаупі бар!

Кабель орамдарын бірден тарқатыңыз.

Шапқан кезде қоректің қосатын желісін артыңызда ұстаңыз.

Қорек кабельдері шабу барысында кездейсоқ кесіліп қалуы мүмкін, немесе оларға сүрініп қалуға болады. Сол себепті олар қауіп көзі болып табылады. Қосатын желі кесілген шөптің үстінде көрініп тұруын қадағалаңыз.

Көгал қалың және әдемі болып өсу үшін, шөп өсіп кетуге мүмкіндік бермей, оны жиі орып тұру қажет.

Климаты құрғақ әрі ыстық өңірлерде көгалды жиі шабудың қажеті жоқ, себебі ол күнге күйіп, түрін жоғалтады!

Мұқалған пышақты пайдаланғанға қарағанда, өткір пышақты пайдаланғанда орылған көгал әдемірек көрінеді, сол себепті пышақтарды уақытымен қайрап тұру қажет (VIKING компаниясының делдалында бар).

9.2 Еңісті жерлерде шабу

Қауіпсіздік мақсаттарында көгалшапқышты тек 25°-тан ылди тіктігінде орнату керек. 25° (46,6%) ылди тіктігі 46,6 см тік еңіске 100 см көлденең аралықта сәйкес келеді.



9.3 Электр қозғалтқышқа дұрыс жүк-салмақ түсіру

Шөп биік болғанда немесе кесік биіктігі өте төмен болғанда көгалшапқышты іске қоспаңыз.

Көгалшапқышқа тек электр қозғалтқыш айналымдарының санын қатты төмендетпейтіндей етіп жүк түсіруге болады.

Егер қозғалтқыш айналымдары төмендесе, жоғарырақ кесу биіктігін немесе төменірек беріліс жылдамдығын таңдаңыз.

9.4 Шапқыш пышағы бұғатталған жағдайда

Бірден қозғалтқышты өшіріп, желілік штекерді ажыратыңыз. Содан кейін ақаудың себебін кетіріңіз.

9.5 Қозғалтқыштың жылудың артық тиеуден қорғау құрылғысы

Егер жұмыс барысында қозғалтқышқа шамадан тыс жүктеме түскен болса, кірістірілген артық тиеуден қорғау құрылғысы автоматты түрде қозғалтқышты сөндіріп тастайды.

Қызып кету себептері:

- Тым биік шөпті шабу немесе кесік биіктігі тым төмен болғанда,
- беріліс жылдамдығы тым жоғары,
- салқындатқыш ауаны өткізуге қатысты тазалайтын жұмыстардың дәрежеде орындалмауы (саңылаулы ауа сорғыш)
- Шапқыш пышағы мұқалған немесе тозған,
- сәйкес келмейтін немесе тым ұзын жалғастырушы шоғырсым – кернеу төмендейді (⇒ 11.1).

Қолданысқа қайта енгізу

Құрылғының сууы үшін шамамен 10 мин. уақыт беріңіз (қоршаған ортаның температурасына байланысты), содан кейін құрылғыны қайта пайдалана беруге болады (⇒ 11.).

10. Сақтандырғыш құрылғылар

10.1 Екі қолмен жұмыс істеу

Электр қозғалтқышты қосу үшін, іске қосу түймесін оң қолмен басып, ұстап тұру қажет, ал кейін қозғалтқышты тоқтату тұтқасын сол қолмен бас тұтқаға қысыңыз.

10.2 Қозғалтқыштағы тоқтауды тежеу

Қозғалтқышты тоқтату тұтқасы жіберілгеннен кейін шапқыш пышағы 3 секундтан кем уақыт ішінде тоқтайды.

Қозғалтқышқа кірістірілген тоқтауды тежеу құрылғысы пышақ тоқтамағанша инерция бойынша қимылдау уақытын қысқартады.

11. Қолданысқа енгізу

11.1 Құрылғыны желіге қосыңыз



Электр тогына соғылу қаупі!

«Сіздің қауіпсіздігіңіз туралы» (⇒ 4.) бөлімдегі қауіпсіздік техникасының нұсқауларын ұстаныңыз.

Кабель барабанын пайдаланғанда сымды толығымен жазу керек, әйтпесе кедергі қуаты жоғалуы және қызып кетуі мүмкін.

Қосатын желілер ретінде шлангілі сымдардан жеңіл болмайтын желілерді ғана пайдалануға болады
H07 RN-F DIN/VDE 0282.

Ең қысқа көлденең қиысу:
до 25 м ұзындығы: 3 x 1,5 мм²
до 50 м ұзындығы: 3 x 2,5 мм²

Қосатын кабель ұясы резеңкеден жасалуы тиіс немесе резеңке оқшаулағышы болуы тиіс және **DIN/VDE 0620** стандартына сай келуі тиіс.

Кернеу және электр желісінің жиілігі зауыт тақтасындағы деректерге немесе «Техникалық деректер» (⇒ 18.) бөліміндегі деректерге сәйкес келуі тиіс.

Желіге қосылуға арналған сым тиісті сақтандырғышпен жабдықталуы тиіс (⇒ 18.).

Берілген құрылғы үйде желіге қосқан нүктеге толық қарсыласумен электр қорегі желісіне қосуға арналған $Z_{\text{макс.}}$ теңгерілетін **0,49 Ом** (кезінде 50 Hz).

Пайдаланушы пайдаланылып отырған электр желісінің параметрлері жоғарыда аталған талаптарға сай келетініне көз жеткізіп алыңыз. Қажет болған жағдайда электр желісінің толық кедергісін электрмен қамту ұйымынан білуге болады.

11.2 Шоғырсым ұзындығын шектегіш



Жұмыс барысында шоғырсым ұзындығын шектегіш қосатын желінің өздігімен оралуының және желілі қуат көзінің ажыратылып қалу мүмкіндігінің алдын алады.

Сол себепті қосатын кабель шоғырсым ұзындығын шектегіш арқылы өтуі тиіс.

- Қосатын кабельмен (1) ілгек жасаңыз және оны саңылауға (2) бағыттаңыз.
- Ілгекті ілмекке (3) іліңіз және оны тартып тастаңыз.

11.3 Көгалшапқышты қосу



Қозғалтқышты биік шөпте немесе ең жоғары кесік биіктігінде іске қоспаңыз, өйткені іске қосуда қиындықтар болады.

- Іске қосу түймесін (1) басып, ұстап тұрыңыз. Қозғалтқышты тоқтату тұтқасын (2) бас тұтқаға басып, ұстап тұрыңыз.
- Іске қосу түймесін (1) қозғалтқышты тоқтату тұтқасын (2) басқаннан кейін жіберуге болады.

11.4 Көгалшапқышты ажырату



- Қозғалтқышты тоқтату тұтқасын (1) жіберіңіз. Аз инерция бойынша қимылдау уақытынан кейін қозғалтқыш пен шапқыш пышағы тоқтайды.

11.5 Шөпжинағышты толтыру индикаторы



Шөп жинағыш шөп жинағыштың жоғарғы жағындағы шөпжинағышты толтыру индикаторымен (1) жабдықталған.

Шапқыш пышағының айналуы арқылы пайда болатын және шөп жинағышты толтыру үшін қызмет ететін ауа ағыны шөпжинағышты толтыру индикаторын көтереді (2):

Шөп жинағыш кесілген материалмен толтырылады.

Шөп жинағыштың толтырылу шамасына қарай ауа ағыны бәсеңдеп шөпжинағышты толтыру индикаторы түседі (3):

- Толған шөп жинағышты босатыңыз (⇒ 11.6).

11.6 Шөп жинағышты босату



- Қозғалтқышты өшіріңіз (⇒ 11.4) және шөп жинағышты алыңыз (⇒ 8.3).
- Шөп жинағышты бекіткіштен (1) ашыңыз және шөп жинағыштың жоғарғы жағын (2) жоғары көтеріңіз.
- Шөп жинағышты суретте көрсетілгендей тұтқаларынан шөп жинағыштың жоғарғы жағы (3) мен шөп жинағыштың төменгі жағында (4) ұстап босатыңыз.

12. Техникалық қызмет көрсету

12.1 Жалпы ережелер



Жарақат алу қаупі бар!

«Сіздің қауіпсіздігіңіз туралы» (⇒ 4.) бөлімдегі қауіпсіздік техникасының нұсқауларын ұстаныңыз.

Делдалдардың жыл сайынғы техникалық қызмет көрсетуі:

Көгалшапқыш жыл сайын делдалға апарылып тексерілуі керек. VIKING компаниясы VIKING делдалдарын ұсынады.

12.2 Құрылғыны тазалау



Техникалық қызмет көрсету аралығы: әр пайдаланғаннан кейін

- Шөп жинағышты алыңыз (⇒ 8.3).



Жарақат алу қаупі бар!

Аударту алдында көгалшапқышты қатты, көлденең және тегіс бетке орнатыңыз. Тазалайтын жұмыстарды орындауға арналған күйде жұмыс істегенде құрылғы аударылып кетуі мүмкін. Құрылғының бүйір жағында тұрыңыз. Көгалшапқыштың алдында немесе артында тұрып жұмыс істемеңіз.

Тазалау позициясы ME 339 C:

- Бір жақты жүргізу тұтқасын жинаңыз (⇒ 8.1).
- Лақтырманың қақпағын (1) көтеріңіз, көгалшапқышты аударыңыз және басқару консоліне (2) орналастырыңыз.
- Бас тұтқаны (3) топыраққа жайып, тез әрекетті бекіту тетігімен (4) осы позицияда бекітіңіз.

Тазалау позициясы ME 339:

- Екі жақты бас тұтқаны жинаңыз (⇒ 8.2).
- Көгалшапқышты аударыңыз және бас тұтқаның төменгі бөлігіне (5) орналастырыңыз.

Тазалау жөніндегі нұсқаулар:

Құрылғыны әр пайдаланудан кейін тазалау керек. Жақсы күту құрылғыны зақымданулардан қорғайды және оның пайдалану мерзімін ұзартады.

Қозғалтқыш жеткілікті салқындатылуы үшін қозғалтқыш капоты мен корпусының төменгі бөлігінің арасындағы суық ауа ағынына арналған тесіктегі (желдету саңылауы) кірді тазалаңыз.

Шапқыш пышағын тазалаңыз.

Көгалшапқыштың түбін сумен және қылшақпен тазалаңыз. Құрылғының корпусы мен лақтырманың астаушасындағы шөп қалдықтарын таяқшамен тазалаңыз.

Ешқашан қозғалтқышқа, тығыздағыштарға, мойынтіректерге және ажыратқыш сияқты электр құрамдастарға су бүрікпеңіз. Бұл қымбат жөндеу қажеттілігіне әкеледі.

Кірді су және қылшақпен ғана емес, шүберекпен де кетіруге болады, VIKING арнайы тазартқышты (мысалы, STIHL арнайы тазартқышы) пайдалануды ұсынады.

12.3 Электр қозғалтқышы және доңғалақ

Электр қозғалтқышы қызмет көрсетуді талап етпейді.

Доңғалақтардың иінтіректері қызмет көрсетуді талап етпейді.

12.4 Бас тұтқаның жоғарғы бөлігі ME 339

Техникалық қызмет көрсету аралығы: әр пайдаланудан бұрын

Бас тұтқаның жоғарғы бөлігі оқшауландырғыш қабатпен жабылған. Оған зақым келгенін байқағанда бас тұтқаның жоғарғы бөлігін ауыстырыңыз.

12.5 Шапқыш пышағына техникалық қызмет көрсету



Техникалық қызмет көрсету аралығы:

әр пайдаланудан бұрын

- Көгалшапқышты тазалау позициясына көтеріңіз (⇒ 12.2).
- Шапқыш пышақтарды (1) тазартыңыз және зақымдарының (аздап жарылу немесе жарықтар) жоқ екендігін немесе тозбағандығын тексеріңіз, және қажет болса, алмастырыңыз.
- Пышақ күшін ең кемі 5 орыннан жылжымалы калибрдің (2) көмегімен тексеріңіз. Атап айтсақ, минималды күші пышақ қалағының аймағында болу керек.
- Сызғышты (3) пышақтың алдыңғы жиегіне қойып, кері қайрау деңгейін өлшеңіз.

Тозудың шектері:

Пышақтың әрбір нүктедегі қалыңдығы ең кемі **1,6 мм** болуы тиіс.

Кескіштер өткірлеу кезінде ең көбі **5 мм** қайрауға болады.

Егер көгалшапқышқа жинаққа кірмейтін пышақтар орнатылған болса, мысалы, арнайы тапсырыс бойынша жеткізілетін топырақ бетін жабу жабындарына арналған пышақтар, ең жоғары тозудың шегі сәйкесінше есепке алынады (**Kit 339** пайдалану жөніндегі нұсқаулығын қараңыз).



Жарақат алу қаупі бар!

Тозған немесе зақымдалған пышақ сынып қалуы және дене жарақаттарын алуға себеп болуы мүмкін. Сондықтан пышақтарды күту ұсыныстарын кез келген жағдайда орындау керек.

Әсіресе кескіш бөліктің бөлшектері (шапқыш пышағынан, пышақ бұрандамасын мен пышақ қысқышынан тұратын) зақымдалған не майысқан жағдайда, көгалшапқышты іске қосуға болмайды.

Пышақтарды пайдалану орнына және уақытына байланысты ауыстыру керек. Егер құрылғыны құмды бетте және көбінесе құрғақ жағдайларда пайдалансаңыз, пышақ барған сайын нашар жұмыс істейді және әдеттегіден тезірек тозады.

Шапқыш пышағын ауыстырғанда әрдайым пышақ бұрандамасын (4) да ауыстырыңыз.

12.6 Шапқыш пышақтарын алу және орнату



Пышақ бұрандамасына зақым келтірмеу үшін, босату және бұрап бекіту үшін алты қырлы бүйірлік кілтті (22 мм) пайдаланыңыз.

1 Бөлшектеу:

- Сәйкес келетін ағаш қырлы бөрене (1) шапқыш пышағын (2) бекіту үшін қолданылады.

- Пышақ бұрандамасын (3) бұрап шығарыңыз және шапқыш пышағын (2) шығарыңыз.

2 Орнату:



Жарақат алу қаупі бар!

Шапқыш пышағын (2) тек суретте көрсетілгендей орнату керек. Қаптамалар (6) төмен көрсетілген тұру керек, ал жоғары қарай бүгілген пышақ қалақтары жоғары қарап тұруы керек.

Пышақ бұрандамаларының созылу мезетін қатаң түрде қадағалау керек, ол **10 - 15 Нм** мәніне тең, себебі кескіш құралдың берік бекітілуі осыған байланысты болады. Пышақ бұрандамаларын (3) **Loctite 243** көмегімен бекітіңіз.

- Пышаққа тиіп тұратын бетті және пышақтың жалғастырғышын тазалаңыз.
- Шапқыш пышағының (2) жоғары қарай бүгілген қалақтарын жоғары қаратып орнатыңыз. Ұстап тұратын шығыңқы жерлер (4) шапқыш пышағының тесіктеріне (5) енгізілуі керек.
- Сәйкес келетін ағаш қырлы бөрене (1) шапқыш пышағын (2) бекіту үшін қолданылады.
- Пышақ бұрандамасын (3) **10 - 15 Нм** айналу мезетімен бекемдеңіз.

12.7 Шапқыш пышағын өткірлеу



Жарақат алу қаупі бар!

Орнатпас бұрын пышақтың зақымдалмағанын тексеріңіз. Аздап жарылғандығы немесе жарықтар байқалған кезде, егер жүзі 5 мм артық тозса немесе пышақ бір жерлерінде 1,6 мм (⇒ 12.5) жұқарса, пышақты алмастыру қажет.

VIKING шапқыш пышақтарын қайрауды мамандарға тапсыруды ұсынады. Пышақтар дұрыс қайралмаған кезде (қайрау бұрышы дұрыс емес, теңсіздік және т.б.) құрылғының жұмысы нашарлайды.

Қайрау бойынша нұсқаулық:

- Шапқыш пышақтарын бөлшектеңіз (⇒ 12.6).
- Шапқыш пышақтарын қайраған кезде, мысалы, сумен салқындату қажет. Көк түс пайда болмауы керек, әйтпесе жарамдылық мерзімі азаяды.
- Теңгерімсіздік тудырған дірілдеулерді болдырмау үшін пышақты біркелкі өткірленіңіз.
- Қайрау бұрышын 30° етіп сақтаңыз.
- Қайрағаннан кейін кескіш жиегіндегі үгінділерден ұсақ бүдірлі ысқыш қағазбен тазартыңыз.

12.8 Сақтау (қысқы қаңтарылу кезеңінде)

Көгалшапқышты құрғақ, жабық әрі шаңсыз жерде сақтаңыз. Үй-жайда балалардың әрекет қашықтығы жоқ екеніне көз жеткізіңіз.

Көгалшапқышты тек техникалық қауіпсіз жерде ғана ұстауға болады, қажет болған жағдайда меңгерікті қайырып тастаңыз.

Барлық гайкалар, бұрандалар мен бұрандамалар жақсы тартылуы тиіс, құрылғыдағы өшіріліп қалған сақтандыру жазуларын жаңартыңыз, оны тозу мен бұзылу нышандарына тексеріңіз. Тозған немесе бұзылған бөлшектерді ауыстырыңыз.

Әдетте, табылған ақауларды құрылғыны сақтауға қояр алдында жояды.

Пайдалану арасындағы үзілістер ұзақ болған жағдайда (қысқы үзіліс) келесі тармақтарға назар аударыңыз:

- Құрылғының барлық сыртқы бөлшектерін дұрыстап тазалап шығыңыз.
- Барлық қозғалмалы бөлшектерді жақсылап майлаңыз.

13. Тасымалдау

13.1 Көгалшапқышты тасу және бекіту



Жарақат алу қаупі бар!

«Қауіпсіздік шаралары» (⇒ 4.) тарауындағы қауіпсіздік бойынша нұсқауларды орындаңыз.

Құрылғыны тасымалдау:

- Көгалшапқышты тек тасымалдау тұтқаларынан (1, 2) көтеріңіз. Шапқыш пышақтарының және дененің арасындағы, әсіресе, аяқтар мен табан арасындағы қашықтықты қатаң қадағалаңыз.
- Көгалшапқышты жылжитқан кезде, кез келген қолыңызбен жоғарғы тасымалдау тұтқасынан (2), ал екінші қолыңызбен төменгі тасымалдау тұтқасынан (1) ұстаңыз.


немесе

- Көгалшапқышты бір қолыңызбен жоғарғы тасымалдау тұтқасынан (2) ұстаңыз.

Құрылғыны бекіту:

- Көгалшапқышты сәйкес келетін бекіту материалының көмегімен жүк тиеу алаңына бекітіңіз.
- Арқандар не қайыстарды тұтқаларға (1, 2) бекітіңіз.

14. Қоршаған ортаны қорғау



Шабылған шөпті қоқыс ретінде лақтыруға болмайды, оны компостирлеу керек.

Қаптамасы, құралдың өзі және керек-жарақтар, кәдеге жаратылатын материалдардан өндіріліп, тиісті тұрпатта кәдеге жаратылуы қажет.

Материалдың қалдықтарын бөлшектеп, экологиялық рұқсат етілген түрде пайдаға асырғанның арқасында, осы үшін жарамды қалдықтарды көп рет қолдануға мүмкін болады. Осы себеппен, әдеттегі қызмет ету мерзімі

өткеннен кейін, құрал, өңделгеннен кейін қайтара қолданыла алатын қалдықтардың жиналатын орнына жіберіледі. Пайдаға асырған кезде «Пайдаға асыру» бөлімінің нұсқауларын ұстаныңыз. (⇒ 4.7)

Өзіңіздің пайдаға асыратын орталыққа немесе қалдықтарды қалайша кәсіби түрде пайдаға асыруға болатындығын білу үшін делдалдарға жүгініңіз.

15. Тозу дәрежесін барынша азайту және зақымдардан қорғау

VIKING құрылғысының зақымдалуын немесе шамадан тыс тозуын болдырмау үшін келесі маңызды сілтемелерді орындаңыз:

1. Тез тозатын бөлшектер

VIKING құрылғының кейбір бөлшектерін мақсатына сай пайдаланған кездің өзінде де, олар қалыпты түрде тозуы мүмкін, сондықтан уақытына қарай пайдаланудың ұзақтығына және түріне байланысты ауыстырылуы қажет.

Атап айтқанда, оларға мыналар жатады:

- Пышақ
- Шөп жинағыш

2. Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтағы VIKING құрылғыларын пайдалану,

пайдалану, оларға техникалық қызмет көрсету және сақтау жөніндегі осы нұсқаулықтың талаптарын мұқият орындаңыз. Қауіпсіздік, басқару және қызмет көрсету бойынша нұсқауларды сақтамау нәтижесінде келтірілген кез-келген залал үшін пайдаланушы жауапкершілік тартады.

Бұл әсіресе мынаған жатқызылады:

- параметрлері дұрыс емес тоқ өткізетін кабельді пайдалану (көлденең тілу);
- электр желісіне дұрыс қосылмау (кернеу);
- өнімге VIKING компаниясы тарапынан рұқсат етілмеген өзгеріс енгізу.
- Аспап үшін жол бергісіз, жарамсыз немесе сапасыз құрылғыларды немесе керек-жарақтарды қолдану.
- өнімді, оның мақсатына сай қолданбау.
- құрылғыны спорттық немесе конкурстық іс-шараларда қолдану.
- ақаулы бөлшектері бар өнімді одан әрі қолданудың нәтижесінде туындаған зақымдар.

3. Техникалық қызмет көрсету

“Техникалық қызмет көрсету” бөлімінде көрсетілген барлық жұмыстар тұрақты жүзеге асырылуы тиіс.

Егер пайдаланушы өз бетімен бұл жұмыстарды орындай алмаған болса, делдалға жүгіну керек.

VIKING компаниясы, ТҚ және жөндеу жасау үшін тек ресми делдалдарға жүгінуді ұсынады.

VIKING компаниясы тұрақты оқыту курстарын өткізіп тұрады және ресми делдалдар үшін техникалық ақпарат ұсынады.

Техникалық қызмет көрсетілмеген жағдайда аспап істен шығуы мүмкін, ол үшін жауапкершілік пайдаланушыға жүктеледі.

Олар мыналарды қамтиды:

- Жеткіліксіз тазалауға байланысты жетекші қозғалтқыштың суық ауа ағынымен зақымдалуы (ойық арқылы сору).
- Тоттануға және дұрыс сақтамауға байланысты басқа да зақымдары.
- Сапасыз қосалқы бөлшектерді пайдалануға байланысты құрылғының зақымдалуы.
- Уақтылы емес немесе жеткіліксіз қызмет көрсету, мысалы білікті дилерлердің шеберханаларында орындалмаған техқызмет көрсету жөніндегі жұмыстар нәтижесіндегі зақымдар себепті алынған зиян.

16. Басқа да қосалқы бөлшектер

Шапқыш пышағы

6320 702 0100

Пышақ бұрандамасы

6310 710 2800



Көгалшапқыштың бекіткіш элементтері (мысалы , пышақ бұрандамасы) пышақты ауыстырған кезде немесе пышақты орнатқан кезде ауыстырылуы керек. Қосалқы бөлшектерді VIKING дилерлерінен сатып алуға болады.

17. Дайындаушы кәсіпорынның ЕО нормаларына сай келуі туралы арыз

Біз,

VIKING GmbH компаниясы
Ганс Петер Штиль-Штрассе 5
А 6336 Лангкампфен/Куфштайн

машинаның жарамды екенін
мәлімдейміз

Қолмен басқарылатын және электр
қозғалтқыштан (МЕ) жұмыс істейтін
кеғалшапқыштар

Фабрика таңбасы: VIKING
Түрі: ME 339.0
ME 339.0 C

Сериялық идентификация
6320

келесі ЕС директиваларының
талаптарын орындайды:
2000/14/ЕС, 2002/96/ЕС, 2004/108/ЕС,
2006/95/ЕС, 2006/42/ЕС, 2011/65/ЕС

Өнім келесі стандарттарға сай
жасалған:
EN 60335-1, EN 60335-2-77

Қолданылатын сәйкестікті бағалау әдісі:
Қосымша VIII (2000/14/ЕС)

Сертификатталған органның атауы мен
мекен-жайы:

TÜV Rheinland LGA Products GmbH
Tillystraße 2
D-90431 Nürnberg

Техникалық құжаттарды құрастыру
және сақтау:

Йоханн Вайгльхофер
VIKING GmbH компаниясы


Шығарылған жылы мен сериялық нөмірі
аспаптағы зауыт тақтасында жазылған.

Өлшенген шудың деңгейі:
92,5 dB(A)

Кепілді шудың деңгейі:
93 dB(A)

Лангкампфен,
2015-01-02 (ЖЖЖЖ-АА-КК)

VIKING GmbH



Weiglhofer

Өнімдерді зерттеу мен құрастыру
жетекшісі

Белгіленген қолданыс кезеңі

Белгіленген қолданыс кезеңі: 20 жылға
дейін. Белгіленген қолданыс кезеңі
уақытында, қолдану жөніндегі
нұсқаулықтың талаптарына сәйкес
тұрақты техникалық қызмет және күтім
көрсетіледі.

18. Техникалық деректер

ME 339.0 / ME 339.0 C:

Сериялық идентификация	6320
Қозғалтқыш, конструкция	Электр қозғалтқыш
Өндіруші	Clewa
Түрі	АТ әмбебап қозғалтқыш
Кернеу	230 В~
Тұтынылатын қуат	1200 Вт
Жиілік	50 Гц
Сақтау	5 А
Қорғаныс сыныбы	II
Қорғаныс түрі	IPX 4
Кескіш	Пышақ
Кесу ені	маңдайшасы 37 см

ME 339.0 / ME 339.0 C:

Кесу құрылғысының айналу жылдамдығы	3200 айн/мин
2000/14/ЕС директивасына сәйкес:	
Кепілді шудың деңгейі L_{WAd}	93 dB(A)
2006/42/ЕС директивасына сәйкес:	
Жұмыс орнындағы шудың деңгейі L_{pA}	79 dB(A)
Ауытқу K_{pA}	1 dB(A)
Пышақ маңдайшасының жетегі	үздіксіз
Пышақ бұрандамасының созылу мезеті	10 - 15 Нм
Алдыңғы дөңгелек диаметрі	150 мм
Артқы дөңгелек диаметрі	180 мм
Шөп жинағыш	40 л
Кесік биіктігі	30 - 70 мм
Кесік биіктігі (тек Ұлыбритания үшін)	20 - 70 мм

ME 339.0:

EN 12096 бойынша белгіленген діріл коэффициенті:	
Өлшенген мән a_{hw}	0,82 м/сек ²
Ықтимал дәлсіздік K_{hw}	0,41 м/сек ²
EN 20643 бойынша өлшем	
Ұ/Е/Б	122/42/107 см
Салмағы	14 кг
Салмағы (тек Ұлыбритания үшін)	15 кг

ME 339.0 C:

EN 12096 бойынша белгіленген діріл коэффициенті:

Өлшенген мән a_{hw} 0,55 м/сек²

Ықтимал дәлсіздік

K_{hw} 0,28 м/сек²

EN 20643 бойынша өлшем

Ұ/Е/Б 128/42/107 см

Салмағы 14 кг

19. Ақаулықтарды іздеу

✘ Қажет болған кезде делдалға жүгініңіз, VIKING компаниясы ресми делдалдарға жүгінуге кеңес береді.

Ақаулық:

Қозғалтқыш оталмайды

Ықтимал себебі:

- Желіде кернеу жоқ
- Қосатын кабель/штекер, ұясы немесе ажыратқыш бұзылған
- Іске қосу түймесі басылмаған
- Қозғалтқыш тым биік немесе тым ылғалды шөп үшін жұмысын бастай алмайды
- Қозғалтқыштың сақтандырғышы қосылды
- Көгалшапқыш корпусы ласталған
- Штекердегі сақтандырғыш істен шыққан (GB нұсқасы)

Ақаулықты жою әдісі:

- Сақтандырғышты тексеріңіз (⇒ 11.1)
- Кабельді/штекерді/ажыратқышты тексеріңіз, қажет болған жағдайда ауыстырыңыз (⇒ 11.1)
- Іске қосу түймесін басыңыз (⇒ 11.3)
- Биік шөпте қозғалтқышты қоспаңыз, кесік биіктігін тексеріңіз (⇒ 8.4)
- Құрылғыны суытыңыз (⇒ 9.5)

- Көгалшапқыштың корпусын тазалаңыз (⇒ 12.2)
- Штекердегі сақтандырғышты ауыстырыңыз (✘)

Ақаулықтар:

Электр желісі сақтандырғышының жиі ажыратылуы

Ықтимал себебі:

- Қосатын желі сәйкес келмейді
- желі шамадан тыс жүктелген,
- Құрылғы тым биік немесе тым ылғалды шөпті шаба алмайды

Ақаулықтарды жою тәсілі:

- Сәйкес келетін қосатын сымды пайдаланыңыз (⇒ 11.1)
- Құрылғыны басқа электр желісіне қосыңыз
- Кесік биіктігі мен шабу жылдамдығын жұмыс шарттарына орай реттеңіз (⇒ 8.4)

Ақаулықтар:

Жұмыс кезіндегі қатты діріл

Ықтимал себебі:

- Пышақ бұрандамасы босаған
- Пышақ теңгерілмеген

Ақаулықтарды жою тәсілі:

- Пышақ бұрандамасын тартыңыз (⇒ 12.6)
- Пышақты егеңіз (теңестіріңіз) немесе оны ауыстырыңыз (⇒ 12.7)

Ақаулықтар:

Біркелкі шабылмаған шөп сарғаяды

Ықтимал себебі:

- Шабу пышағы мұқалған немесе тозған

- Кесік биіктігіне қатысты беріліс жылдамдығы тым жоғары

Ақаулықтарды жою тәсілі:

- Шабу пышағын егеңіз немесе айырбастаңыз (⇒ 12.7)
- Жылдамдықты төмендетіңіз және/немесе дұрыс кесік биіктігін таңдаңыз (⇒ 8.4)

Ақаулық:

Іске қосу қиын немесе қозғалтқыштың қуаттылығы төмендеуде

Ықтимал себебі:

- Тым биік және ылғалды шөпті шабу
- Көгалшапқыш корпусы ласталған

Ақаулықты жою әдісі:

- Кесік биіктігі мен шабу жылдамдығын жұмыс шарттарына орай реттеңіз (⇒ 8.4)
- Көгалшапқыш корпусын тазалаңыз (тазалау барысында желілік штекерді ағытып тастаңыз) (⇒ 12.2)

Ақаулықтар:

Түсіріп тастауға арналған арнасы бітелген

Ықтимал себебі:

- Шабу пышағы тозған
- Өте биік немесе өте ылғалды шөпті шабу

Ақаулықтарды жою тәсілі:

- Шабу пышағын айырбастаңыз (⇒ 12.7)
- Кесік биіктігі мен шабу жылдамдығын жұмыс шарттарына орай реттеңіз (⇒ 8.4)

20. Техникалық қызмет көрсету жоспары

20.1 Берілісті растау

Үлгі: _____

Серия нөмірі:

□	□	□	□	□	□	□	□	□
---	---	---	---	---	---	---	---	---

Күні: □ □ □ □ □ □ □ □ □ □



Келесі қызмет

Күні: □ □ □ □ □ □ □ □ □ □


20.2 Қызмет көрсету өткізуді растау




Қызмет көрсету жұмыстарын өткізген кезде, пайдалану жөніндегі осы нұсқаулықты Сіздің VIKING делдалыңызға беріңіз.

Ол алдын ала басылған жолақтарында сервистік жұмыстардың өткізілгенін растайды.

 Сервистік қызметтің көрсетілген датасы

 Келесі сервистік қызметтің көрсетілген күні

ME 339, ME 339 C



0478 121 9917 E

E

INT 1